**Автор**: Әбдрахметова Маржан Ерғалиқызы
**Пән**: Математика
**Сынып**: 5-сынып
**Бөлім**: Ондық бөлшектер және оларға амалдар қолдану
**Тақырып**: Ондық бөлшектер және оларға амалдар қолдану

---

| | |
|---|---|
| Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу): | 5.1.2.32 Ондық бөлшектерді берілген разрядқа дейін дөңгелектеу |
| Сабақтың мақсаты: | Ондық бөлшектеуді меңгеру |
| Тілдік мақсаттар: | Санның жуық мәні қай разрядқа дейін алынғанын анықтауға тез дағдыландыру үшін есептерді ауызша тұжырымдатамын Пәнге қатысты лексика мен терминология:<br>Жуық мән,үлестер, дөңгелектеу |
| Күтілетін нәтиже: | оқушының жаңа тақырыпты толық меңгеруі |
| Бағалау критерийлері: | Ондық бөлшектерді берілген разрядқа дейін дөңгелектейді |
| Құндылықтарды дарыту: | Өмір бойы оқу, академиялық шыншылдық, ынтымақтастық, өзіне және айналадағы адамдарға құрмет |
| АКТ-ны қолдану дағдылары: | Интербелсенді тақта, жеке - жеке компьютер. |
| Пәнаралық байланыс: | география |
| Бастапқы білім: | Натурал сан, жай бөлшек, аралас сан, ондық бөлшектер |

## Сабақ барысы

| **Сабақ кезеңдері** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Сабақтың басы (5мин) | 1.Ұйымдастыру кезеңі: Оқушылармен сәлемдесу, түгендеу, сабаққа қажетті құрал-жабдықтардың дайындығын тексеру. «Шаттық шеңбері» әдісі арқылы мотивациялық сөздерді қолдану арқылы бір-біріне тілектерін айтады.<br>2.Үй тапсырмасын сұрау. «Допты лақтыру» әдісін пайдаланып алдыңғы тақырыптарды пысықтаймын. Мақсатым: бұл әдісті қолдану арқылы оқушылардың теориялық білімдерін жетілдіру, тілдік мақсаттарды дамыту және дұрыс сұрақ қоя білуге тәрбиелеу. Оқушылардың жауабына кері байланыс беру арқылы қалыптастырушы бағалауды ауызша жүргіземін.<br>3. Жаңа сабақты меңгерту - Тақырыпқа алдын ала даярлық тапсырмасын сынып бірлесе отырып талқылайды. «Ой қозғау» әдісі арқылы тақырыптың мағынасын ашу: Оқушылардың бүгінгі жаңа сабаққа деген зейіндерін ашу үшін мынадай сұрақтар қоямын. Жерден Күнге дейінгі қашықтықтың сан мәні қаншалықты дәл, қаншалықты дөңгелектелген? | |

| Сабаққезеңдері | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|---|---|---|
| Сабақтың ортасы | Оқушылар өз ойларын ортаға салады.<br>https://bilimland.kz/kk/subject/matematika/5-synyp/ondyq-bolshekterdi-dongelektеu?mid=ed6d0db0-9ee4-11e9-a361-1f1ed251dcfe<br>5e69b3425b7e1.png<br>Image not found or type unknown<br>1-тапсырма. Ондық бөлшектерді дөңгелектеңдер:<br>1- топ.<br>1) ондықтарға дейін: 1685; 913; 646;<br>2) жүздіктерге дейін: 386; 617; 2885;<br>3) мыңдықтарға дейін: 77658; 6480; 11761;<br>2-топ.<br>1) ондықтарға дейін: 2369; 896; 245;<br>2) жүздіктерге дейін: 258; 325; 2569;<br>3) мыңдықтарға дейін: 55784; 1426; 25456;<br>3-топ.<br>1) ондықтарға дейін:2548; 361; 354;<br>2) жүздіктерге дейін: 912; 658; 4152;<br>3) мыңдықтарға дейін: 98125; 5418; 65248;<br>2-тапсырма.<br>Жұлдызшаның орнына дөңгелектеу дұрыс болатындай етіп, цифрлардың ең үлкенін жазыңдар:<br>1-топ.<br>https://bilimland.kz/kk/subject/matematika/5-synyp/ondyq-bolshekterdi-dongelektеu?mid=ed6d0db3-9ee4-11e9-a361-1f1ed251dcfe<br>5e69b3875d91f.png<br>Image not found or type unknown<br>2-топ.<br>https://bilimland.kz/kk/subject/matematika/5-synyp/ondyq-bolshekterdi-dongelektеu?mid=ed6d0db5-9ee4-11e9-a361-1f1ed251dcfe<br>5e69b3a6c9054.png<br>Image not found or type unknown<br>3-топ<br>https://bilimland.kz/kk/subject/matematika/5-synyp/ondyq-bolshekterdi-dongelektеu?mid=ed6d0db4-9ee4-11e9-a361-1f1ed251dcfe<br>5e69b3bd953d4.png<br>Image not found or type unknown<br>1.Разрядты ажыратады 1<br>2.Ондық бөлшектерді бүтінге дейін дөңгелектейді. 1<br>3.Ондық бөлшектерді жүздікке дейін дөңгелектейді. 1<br>4.Ондық үлеске дейін дөңгелектейді. 1<br>5.Жүздік үлеске дейін дөңгелектейді 1<br>6.Мыңдық үлеске дейін дөңгелектейді 1<br>Қалыптастырушы бағалау:<br>«Бағдаршам» әдісі.<br>2. «Топтық жұмыс» «Карусель» әдісі арқылы әр топ тапсырма орындайды. Сыныптағы оқушылар оқулықты оқи отырып, әр топ өзіне берілген тапсырма бойынша ізденіп, мысалдарын талдайды. Әр топ алмасып бір біріне түсіндіреді, білімдерін толықтырады. Аталған әдіс арқылы оқушылардың оқылым дағдысын есте сақтай отырып ақпарат алмасу дағдысы қалыптасады<br>1-топ. Ондық бөлшекті ондық үлеске дейін дөңгелектеу<br>2-топ. Ондық бөлшекті жүздік үлеске дейін дөңгелектеу<br>3-топ. Ондық бөлшекті мыңдық үлеске дейін дөңгелектеу<br>Қалыптастырушы бағалау:<br>«Дұрыс жауап парағы» әдісі. Интербелсенді тақтада есеп беріледі. Парақтарына есеп жауабын жазып, барлығы парақтарын көтереді. Жауаптарын интербелсенді тақта арқылы тексереді. Бұл әдіс оқушылардың бір бірін тексеруін, қаншалықты түсінгендері жөнінде ақпарат береді. | |

| Сабаққкезеңдері | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|---|---|---|
| Сабақтың соңы (4мин) | Сабақты бекіту.<br>1. «Сәлемдеме жіберіңіз». Әрбір оқушыға арнап конверт дайындап, бізді қоршаған ортада бірдей пішінді және бірдей көлемді заттар кездеседі. Әрбір оқушы өмірден бір мысал келтіруін сұраймын. Әр оқушы өз ойларын жазады. Бірнеше жауаптарды оқып, сынып болып талқылаймыз. Екі бірдей қалам, екі бірдей қасық, екі бірдей тиын деген мысалдарды қолдану арқылыжүргізіледі. Қалыптастырушы бағалау «Бас бармақ» әдісі арқылы оқушылар бір-бірін бағалайды.<br><br>3. Үйге тапсырма: Қазақтың өлшем бірліктеріне екі мәселе есеп құрастырыңыз. | |
| Рефлексия (1мин) | Кері байланыс. «Бағалау терезесі» әдісі арқылы кері байланыс жасату. (Түсіндім, түсінгім келеді, түсінбедім) | |